



Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы шартты бекіту туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің қаулысы 1991 ж. 11 маусым N 369

Қазақ ССР Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Министрлер Кабинеті бекітуге ұсынған, 1991 жылғы ақпанның 18-інде Алматы қаласында қол қойылған Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы шарт бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің
Төрағасы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының
Үкіметі

мен

Қырғызстан Республикасының Үкіметі
арасында

1991-1995 жылдарға арналған экономикалық
және мәдени ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Үкіметі мен Қырғызстан Республикасының Үкіметі бұдан әрі Екі Жақ деп аталатын болады, экономикалық дербестік принциптерін негізге ала отырып, өзара тиімді экономикалық байланыстарды тең праволы негізде тереңдету мақсатын басшылыққа ала отырып, осы үкіметаралық Келісім жасады:

1-статья

Уағдаласушы Жақтар Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасында қалыптасқан экономикалық байланыстар мен товар алмасу катынастарын ескере отырып, 1991 жылға өзара өнім беріп тұрады 1990 жылғы

денгейден кемітпей сақтауға және алдағы уақытта олардың көлемін баламалы негізде теңестіруге шаралар қабылдауға келісті. Кәсіпорындардың бір-біріне өнім беріп тұруы аймақтық және салалық байланыстардың қандай екеніне қарамастан республикалар арасындағы товар айырбасының жалпы балансында ескеріледі.

2-статья

Екі Жақ өзара қарым-қатынастарды кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, территориялық (муниципалдық) немесе мемлекеттік басқару органдары және басқа шаруашылық субъектілері арасында олардың құзыры шеңберінде жасалатын тиісті шарттар, келісімдер немесе протоколдар негізінде жүзеге асырып отыруға келісті. Олар өз міндеттемелерінің орындалуына толық жауап береді және шаруашылық субъектілерінің Екі Жақтың бірінің мүддесіне қысым жасауға бағытталған кез-келген әрекетіне жол бермеуге бірлесіп шара қолданатын болады.

3-статья

Екі Жақ кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және басқа шаруашылық субъектілері арасында шикізатпен, өніммен, халық тұтынатын товарлармен өзара сауда жасау мен қызмет көрсету жөнінде нарықтық қатынастарға көшуді ескере отырып тікелей шаруашылық байланыстарды сақтауға, орнатуға және кеңейтуге, сондай-ақ шарттар немесе жеке қабылданған тапсырыстар бойынша жол берілген кемістіктің орнын толтыруға жәрдемдесіп отыратын болады.

4-статья

Екі Жақ өздерінің территориялық басқару органдары, кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері және басқа шаруашылық субъектілері белгілі бір шектеу қойылған өнімдерді өзара беріп тұру жөнінде шарттар жасасқан кезде оларды тек екі Үкіметтің компонентті органдарының рұқсат етуімен ғана сыртқа шығару немесе әкелу көзделуге тиіс деп келісті.

5-статья

Екі Жақ ынтымақтастықты жүзеге асыруға республикалардың территориясында орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдар, меншіктің формаларына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, қатыса алады деп санайды. Екі Жақ келіскен жағдайда республикалардың территориясынан тысқары орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ шетелдік қатысушылар ынтымақтастыққа қатыса алады.

6 статья

Екі Жақ 1991 жылы өзара өнім беріп тұрғаны үшін есеп айырысу кезінде Екі Жақ үшін де қолайлы қазіргі преysкуранттар мен уағдаластық бағаларды (сом есебімен)

пайдаланатын болады. Екі Жақ бір-біріне экономикалық нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге барудан тартынады.

7-статья

Екі Жақ Қазақ ССР-і мен Қырғызстан Республикасының 1991-1995 жылдарға арналған экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық Бағдарламасын әзірлеу жөнінде бірлескен жұмыс комиссиясын құру қажет деп таныды, бағдарламада тең праволылық пен

өзара тиімділік негізінде осы байланыстарды одан әрі дамыта беру көзделетін болады.

Екі Жақ осы Келісімге қол қойылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде аталған Бағдарламаны әзірлеуді аяқтап, экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықтың мынадай бағыттары бойынша шарттар жасасып, келісімдерге немесе протоколдарға қол қоюға уағдаласты:

- жалпы-экономикалық проблемалар және финанс-кредит саясаты;
- әлеуметтік сала және ұлттық саясат;
- тұтыну нарығы және халық тұтынатын товарлар өндірісі;
- ғылыми-техникалық прогресс және информатика;
- экология;
- өнеркәсіп өндірісінің құрылымын жетілдіру және өндірістік қуаттарды пайдалану;
- транспорт және байланыс құралдары;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- ауыл шаруашылығы және азық-түлік;
- құрылыс және архитектура;
- халықтың көшіп-қонуы;
- праволық жәрдем;
- правокорғау органдарының қызметін үйлестіру.

8-статья

Екі Жақ осы Келісімнің орындалу барысы туралы бір-бірін хабарлар етіп тұруға уағдаласты.

9-статья

Екі Жақ жыл сайын келісілген уақытта өзара өнім беріп тұрудың бес жылдық мерзімге арналған келешегін ескере отырып, келесі жылғы

көлемі мен құрылымын қарап, бекіту қажет деп тапты.

10-статья

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Екі Жақтың бірі ағымдағы календарлық жыл аяқталғанға дейін үш ай бұрын оны өзгерту немесе қызметін тоқтату жөнінде тілек білдірмесе, қолданыла береді.

1991 жылғы 18 ақпанда Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде үш дана етіп жасалды, және де үш текстің күші бірдей.

Қазақ ССР
Үкіметі үшін

Қырғызстан Республикасы
Үкіметі үшін

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен
Қырғызстан Республикасы арасындағы
достық пен ынтымақтастық туралы
ШАРТ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қырғызстан Республикасы, бұдан әрі Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар деп аталатын болады:

- Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы мен Қырғызстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын негізге ала отырып;

- Қазақстан мен Қырғызстан халықтарының түбегейлі ұлттық мүдделеріне сай келетін тарихи қалыптасқан достық дәстүрлерін, экономикалық және мәдени байланыстарды баянды етіп, дамытуға, тату көршілік және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарын нығайтуға ұмтыла отырып;

- өздерінің мемлекетаралық қатынастарын егеменді теңдік, ішкі істерге араласпау, территориялық тұтастықты құрметтеу, күш қолданудан немесе қысым жасаудың экономикалық әдістерін қолданудан бас тарту, даулы проблемаларды халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормаларына сәйкес келісу құралдарымен реттеу негізінде дамытуды көздей отырып;

- егеменді мемлекеттердің жаңарған одағы негізінде ССРО-ның мемлекеттік құрылымын жаңартуды жақтай отырып;

- Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, сондай-ақ Хельсинки Қорытынды

Актісінің, жаңа Европаға арналған Париж хартиясының және Европа мен Азиядағы халықаралық хауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі басқа да құжаттардың мақсаттары мен принциптеріне өзінің адалдығын қуаттай келіп;

- адам праволары туралы халықаралық правоның жалпы жұрт таныған нормаларын сақтауға міндеттене отырып,
мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар бірін бірі егеменді мемлекет деп танып, екінші жақтың мемлекеттік егемендігіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерге бармауға міндеттенеді.

2-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өз азаматтарына ұлтына немесе басқа да айырмашылықтарына қарамастан тең праволар мен бостандықтар кепілдігін береді.

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар азаматтық туралы заңдар қабылдағаннан кейін Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қырғызстан Республикасының территорияларында тұратын барлық ССРО азаматтарына өздері территориясында тұратын Жақтың азаматы болу правосына кепілдік береді.

Екінші Жақтың территориясында тұратын адамдардың екі Жақтың бірінің азаматтығын алу мәселелер екі Жақтың азаматтық туралы заңын ескере отырып тиісті келісіммен реттелетін болады.

3-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтардың әрқайсысы Уағдаласушы екінші Жақтың азаматтарына, сондай-ақ оның территориясында тұратын азаматтығы жоқ адамдарға ұлтына, дініне немесе басқадай айырмашылықтарына қарамастан адам праволары туралы жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларға сәйкес азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени праволар мен бостандықтар кепілдігін береді.

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтардың әрқайсысы Уағдаласушы екінші Жақтың территориясында тұратын өз азаматтарының праволарын қорғайды, оларға жан-жақты көмек пен қолдау көрсетеді.

Азаматтар праволарын қорғауды қамтамасыз ету, механизмі арнаулы келісімдермен реттелетін болады.

4-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өз территорияларында тұратын аз ұлттардың этникалық, мәдени, тіл және діни ерекшеліктерінің және қалыптасқан бірегей этникалық-мәдени аймақтардың дамуы мен сақталуына жәрдемдеседі және ондайларды

өз қорғауына алады.

5-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өз халықтары мен мемлекеттерінің саясат, экономика, мәдениет, денсаулық сақтау, экология, ғылым, техника, сауда, гуманитарлық және басқа салалардағы тең праволы және өзара тиімді ынтымақтастығын дамытатын, кең көлемде хабар алмасылуына

жәрдемдесетін, өзара міндеттемелерді адал және бұлжытпай сақтайтын болады.

Екі Жақ ынтымақтастық туралы тиісті келісімдер жасауды қажет деп санайды.

6-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қырғызстан Республикасының ССРО шеңберінде қалыптасқан шекаралардағы территориялық тұтастығын таниды және құрметтейді.

7-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар жаңарған ССР Одағы шеңберінде коллективтік хауіпсіздік жүйесін, соның ішінде екі Жақтың бейбітшілікті одан әрі нығайтуға деген ұмтылысын ескере отырып екі мемлекеттің қорғаныс және хауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын қажет деп таниды.

8-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар ортақ үйлестіруші институттар арқылы тең праволы негізде жүзеге асырылатын өздерінің бірлескен құзырына мыналар жатады деп таниды:

- адам праволарын қорғау мәселелері;
- сыртқы саясаттағы және сыртқы экономикалық қызметтегі өзара қимыл;
- жалпы экономикалық кеңістікті, жалпыевропалық және евразиялық рыноктарды қалыптастыру мен дамытудағы, таможнялық саясат саласындағы ынтымақтастық;
- энергетика, транспорт, информатика және байланыс жүйелерін, соның ішінде спутник байланысы мен телекоммуникацияны басқару;

- өз территорияларында айналадағы ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық, экологиялық қауіпсіздіктің әмбебап халықаралық жүйесін жасауға қатысу, төтенше жағдайларда өзара көмек көрсету;
- көшіп-қону саясатының мәселелері;
- қылмысқа қарсы күрес.

9-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар Семей полигонында ядролық қару сынаудың және Арал теңізі аймағындағы экологиялық апаттың орны толмас зардаптарын ұғынады, осы зардаптарды жою жөнінде өз күш-жігерін біріктіріп, үйлестіріп отыруға міндеттенеді.

10-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өздерінің әрқайсысының меншік түрлері мен формаларын дербес белгілеу және өз территориясында меншік қатынастарын реттеу правосын таниды.

Екінші Жақтың территориясында орналасқан бір Жақтың мемлекеттік

мүлкінің, заңды ұйымдары мен азаматтары мүлкінің праволық режимі тиісті келісімдермен реттеледі.

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар жалпыодақтық меншік деп саналатын объектілер жөніндегі барлық мәселелердің ерекше келісімдермен реттелетініне келіседі.

11-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтардың экономикалық келісімдері барынша қолайлылық жағдайын жасау режимі берілетін келісімдермен реттеледі. Екі Жақ экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық қатынастардың:

- мемлекеттік өкімет пен басқару органдары;
- банктер мен қаржы жүйесі;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдары;

- меншіктің кез-келген түріне негізделген кәсіпорындар, бірлестіктер, ұйымдар мен мекемелер, соның ішінде бірлескендері;

- жеке кәсіпкерлер деңгейінде дамытылуын қамтамасыз етеді.

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар шаруашылықаралық қатынастарының, сауда

алыс-берісінің, байланыс пен тасымалдардың барлық түрлерінің нақты механизмдері, сондай-ақ экономикалық және ақпараттық ынтымақтастығының мәселелері үкіметаралық актілермен реттелетініне келіседі. Екі Жақ екінші Жаққа нұқсан келтіретін экономикалық шараларды бір жақты түрде қолданбайды.

12-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өзара өнім беру мен қызмет көрсету, төлем, баға және бағалы қағаздардың қозғалысы туралы, сондай-ақ дүниежүзілік баға деңгейін бағдар ете отырып, өзара есеп айырысуға көшу мерзімдері туралы үкіметаралық келісімдер жасасады. Келісімдердің бұл тізбесін түпкілікті деп қарауға болмайды.

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар баға саясатын үйлестіру жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді.

13-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өз территорияларында орналасқан теңіз, өзен және әуе порттары, темір жол және автомобиль жолы жүйелері мен магистральды труба құбырлары арқылы транзитті транспорт операцияларын қамтамасыз етеді.

Транзитті транспорт операцияларын жүзеге асырудың шарты мен тәртібі екі Жақтың арнаулы келісімдерімен белгіленеді.

14-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар мемлекетаралық қатынастардың басқа да барлық салаларында ынтымақтастық туралы шарттар немесе келісімдер жасасу правосын өзінде қалдырады.

15-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар өкілетті өкілдер алмасу орынды деп санайды. Өкілдіктер алмасудың тәртібі және олардың статусы арнаулы келісімдермен реттелетін болады.

16-статья

Осы Шарт нормаларын түсіндіру мен қолдануға байланысты даулар келіссөз жүргізу жолымен шешіледі.

17-статья

Осы Шарт Уағдаласушы Мәртебелі Жақтардың үшінші мемлекеттер жөніндегі міндеттемелеріне және олардың екі Жақтың бірлескен құзырының Шартта белгіленген саласына және коллективтік хауіпсіздік жүйесіне қатысуы туралы үшінші елдермен шарттар жасасу правосын қозғамайды.

Осы Шарт үшінші жақтарға қарсы бағытталмаған.

18-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтар осы Шартты орындау мәселелері бойынша екі жақты консультациялар мен келіссөзді жүйелі түрде жүргізіп отыратын болады.

Осы Шартты жүзеге асыру мақсатымен екі Жақ сондай-ақ ынтымақтастық жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін парламентаралық комиссия мен үкіметаралық үйлестіруші орган құру қажет деп санайды.

19-статья

Уағдаласушы Мәртебелі Жақтардың әрқайсысы осы Шарттың немесе оның жекелеген статьяларының күшін одан әрі сақтаудың орынды екені туралы консультациялар шеңберінде келіссөз жүргізу правосын өзінде қалдырады. Осы Шарттың ережелерін Уағдаласушы Мәртебелі Жақтардың өзара келісімі бойынша толықтыруға немесе өзгертуге болады.

20-статья

Осы Шарт бекітілуге тиіс. Бекіту грамоталары Бішкек қаласында алмасылатын болады.

Осы Шарт бекіту грамоталары алмасылған күні күшіне енеді.

21-статья

Осы Шарт он жыл мерзімге жасалады. Егер екі Жақтың бірі Шартты бұзғысы келетінін оның мерзімі біткенге дейін кемінде алты айдың ішінде жазбаша хабарлау жолымен мәлімдемейтін болса, оның күші содан соң келесі он жыл мерзімге өздігінен жалғаса береді.

Алматы қаласында 1991 жылы 18 ақпанда екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде жасалды және үш текстің де күші бірдей.

Қазақ Советтік Социалистік
Республикасы үшін

Қырғызстан Республикасы
үшін

Қазақ Советтік Социалистік
Республикасының Президенті

Қырғызстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК